

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Тауелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ

ЖАРИЯЛАНДЫ  
03.12.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/147422/>

«Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні ғаріп» деп дана халқымыз айтып кеткендей, қазіргі біз өмір сүріп жатырған заман – білім мен ғылымның заманы. Адамды адамнан ерекшелендіріп тұратын парасаттылығы, көрегенділігі және білімі десек қателеспейміз деп ойлаймын. Осы турасында, ел мен елдің мәртебесі мен әлемдік рейтингідегі орындарының да өзгеруі халқының сауаттылығына, білімділер санына тікелей байланысты болып отыр. Технологиясы мен ғылымы оқ бойы озық елдердің тізіміне көз жүгіртсек, көбі негізгі мақсат етіп ел азаматтарының басым көпшілігін оқу мен білімге ұмтылуына бар жағдайды жасап отырғандығын байқаймыз.

«XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялауы тегін емес. Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. 2022 жылды іс жүзінде балаларды қорғау жылы ретінде өткізіп, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру сынды салаларда ел болашақтарына жете мән берілуі тиіс. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп атап өткен Мемлекет басшысының бастамасы қолдауға лайық.

Білімді ұрпақ – жарқын болашақ кепілі. Сондықтан келешек ұрпағымызды білімді, білікті, бәсекеге қабілетті етіп тәрбелеу – мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі. Бүгінгі жас ұрпаққажан-жақты білім беру, тәрбиелеу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат – өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген, білімді, дағдыларды меңгеретін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру және тәрбиелеу.

Тәуелсіздігімізді алып, өз қолымыз өзімізге жетіп әлемнің дамыған мемлекеттерімен бір қатарда тұрмыз. Кешегі қайраткерлеріміз армандап кеткен бақытты елде өмір сүріп жатырмыз. Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым “Мәңгілік ел” болу үшін зор мүмкіндіктер бар. Ол үшін ең алдымен халқымыз білімді болуы тиіс. Ал білім беруде бастысы, бастауыш сыныптан баланың фундаментінің дұрыс қалануы деп есептейді ұстаздар қауымы. Бұл пікірмен келісуге болады. Қолына алғаш қалам ұстап, дүние танымы енді ашылып жатқан ойын баласына әріп үйретер педагогтардың еңбегі орасан зор. Адамды тың нәрсеге үйрету оңайға соқпайды, айлар, жылдар бойы төгілген тердің түпкі нәтижесі – болашағымыз жас ұрпаққа сапалы білім беру екені анық. Соңғы жылдарда мемлекет тарапынан ұстаздарға деген көмек айтарлықтай көрсетіліп жатыр. Бұл да болса қоғам алдында педагогтардың мәртебесінің жоғарылағанын көрсетіп отыр. Тәуелсіздік алған соң ел жастарын қолдау мақсатында «Болашақ» бағдарламасы қолға алынған еді. Білімді жастарын дамыған мемлекетке грант негізінде білімін шыңдауға жіберген жас тәуелсіз мемлекетті әлем елдері таныды. Қазіргі таңда «Болашақ» стипендиясымен оқып келген түлектер білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылым және техника салаларында жүздеген ғылыми әзірмелер мен ірі жобаларды жүзеге асырып, зор жетістіктерге жетіп отыр. Бұл артқан сенім ақталды дегеніміз. Мәңгілік ел болуды мақсат еткен елге білім саласына көп көңіл бөлу дұрыс деп есептеймін. Шет елден алған білімдері мен тәжірибелерін елге оралып адал қызмет етіп, шет елдік тәжірибені бізге біртіндеп сіңдірсе ойлаған мақсаттың орындалғаны деп білемін. Білімді ұрпақ қана елімізді одан сайын асқақтатып, дамыған елдер қатырына қосылуға мүмкіндік жасайды!

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.